«8D04101 - Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Нұрғазы Шыңғыс Әскербекұлының «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді және теориялық-практикалық өзектілікке ие. Диссертациялық жұмыстың Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022–2024 жылдарға арналған жоспарының мақсаттары мен міндеттерімен тығыз байланыстылығы анықталды. Сондай-ақ диссертациялық жұмыс агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға, ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етуге және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыттарымен сабақтастықта қарастырылған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия	Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді: 1)Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» басым бағытына 2) Қазақстан Республикасының «Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022–2024 жылдарға арналған жоспары» бағдарламасына 3) «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспары» бағдарламасына

		бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс азық-түлік қауіпсіздігі, төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланыстарды кешенді қарастыру арқылы ғылымға үлес қосқан. Зерттеу нәтижесінде аталған факторлардың өзара әрекеттесуін түсіндіретін жүйелі көзқарас қалыптастырылған. Эмпирикалық деректер негізінде олардың әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік беретін аналитикалық тәсіл ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады, ал алынған қорытындылар мен ұсыныстар Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және әлеуметтік-экономикалық саясатты жетілдіру үшін құнды болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеуде тәуелсіздік қағидасы жоғары деңгейде сақталған. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дербес айқындап, алынған ғылыми нәтижелер мен ұсыныстарды автордың өзіндік деп бағалауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстандағы экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер ететін мемлекеттік басқарудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бірқатар шешілмеген мәселелер сақталуда: жекелеген азық-түлік түрлері бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары болуы, шикізат өндірісі мен оны қайта өңдеу арасындағы теңгерімсіздік, сондай-ақ халық үшін азық-түліктің баға жағынан қолжетімділігінің жеткіліксіздігі. Логистикалық және инфрақұрылымдық шектеулер өзекті күйінде қалып отыр, бұл өнім шығындарына және өңірлер бойынша теңсіз бөлінуіне алып келеді. Цифрлық басқару жеткілікті деңгейде дамымаған, жеткізу тізбегі бойынша деректердің интеграциясы жоқ, бұл басқарушылық шешімдердің тиімділігін төмендетеді. Сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының нәтижелілігі

			жеткіліксіз екені байқалады. Сыртқы сын-қатерлер жағдайында аталған мәселелер күшейе түсуде, бұл азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігін айқындайды. Жалпы алғанда, диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті деңгейде ашылған және Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес келеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып, қойылған ғылыми мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталған. Жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қалыптасып, ішкі логикалық тұтастықпен сипатталады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбымен толық үйлеседі. Алға қойылған міндеттердің жүйелі түрде шешілуі зерттеу мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік берген. Әрбір мәселе диссертация құрылымына сай дәйекті түрде қарастырылған. Жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттері аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы арттыру және осы бағыттағы мемлекеттік реттеу тетіктерін зерттеу мен жетілдіруге бағдарланған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары өзара логикалық байланыста құрылған. Диссертациялық жұмыстың ішкі тұтастығы сақталған, бөлімдері мен қағидалары бір-бірімен үйлескен, толық аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар, алынған нәтижелер мен берілген ұсыныстар диссертацияда айқындалған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа әдістер дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады. Зерттеу тақырыбын автор сыни тұрғыдан қарастырып, дәлелді түрде ұсынылған шешімдердің болжамды нәтижелері бағаланды. Теория мен әдістемені талдау-

		1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	автордың бұрын белгілі шешімдермен салыстыру негізінде жүргізілген өзіндік зерттеуі. Жұмыстың қорытынды бөлімінде ізденушімен алынған зерттеу нәтижелері көрсетілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары 25–75% деңгейінде ғылыми жаңалығымен сипатталады. Бұл тұжырымдамалық аппаратты нақтылау, авторлық әдістемені әзірлеу, азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар мен олардың өзара байланысын негіздеу, сондай-ақ мемлекеттік реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстарды қалыптастыру арқылы көрініс табады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары автордың зерттеу нәтижелерін терең әрі жан-жақты талдауы негізінде қалыптасқан және теориялық жалпылау, авторлық әдістемелік әзірлемелерге сүйене отырып, жартылай жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ұсынылған экономикалық және басқару шешімдері ішінара жаңа (25-75%) және ғылыми негізделген,
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары теориялық талдау, статистикалық деректерді өңдеу және авторлық есептеулер нәтижелерін жалпылау негізінде алынған, бұл олардың ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға	Ереже 1. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз

	шығарылған негізгі қағидаттар	жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	етуде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған теориялық-әдістемелік негіз қалыптастырылып, Good Governance және Resilience теорияларының интеграциясы ұсынылды. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? Жоқ 7.3 Жаңа ма? Иә 7.4 Қолдану деңгейі: кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә Ереже 2. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты арасындағы байланысты бағалауға арналған авторлық құрылымдық модель әзірленіп, эмпирикалық тұрғыдан тексерілді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? Жоқ 7.3 Жаңа ма? Иә 7.4 Қолдану деңгейі: кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә Ереже 3. Азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік, әл-ауқат және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланысты сипаттайтын тұжырымдамалық-эмпирикалық үлгі ұсынылды. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? Жоқ 7.3 Жаңа ма? Иә 7.4 Қолдану деңгейі: орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә Ереже 4. Шетелдік тәжірибе негізінде Қазақстан жағдайына бейімделген азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік басқарудың

			институционалдық және ұйымдастырушылық тетіктері ұсынылды. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? Шамамен дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? Жоқ 7.3 Жаңа ма? Иә 7.4 Қолдану деңгейі: орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә Ереже 5. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жүйесі әзірленді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? Шамамен дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? Жоқ 7.3 Жаңа ма? Иә 7.4 Қолдану деңгейі: кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациядағы әдістеменің таңдауы негізделген. Әдістемені автор диссертацияның теориялық-әдістемелік бөлімінде толық сипаттаған және негіздеген
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістерді қолдану арқылы алынған. Жұмыста экономикалық зерттеулерге тән статистикалық және корреляциялық-регрессиялық талдау әдістері пайдаланылған. Деректерді өңдеу мен интерпретациялау компьютерлік технологиялар негізінде жүзеге асырылған. Жауап: иә.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, үлгілер, анықталған өзара байланыстар статистикалық мәліметтер мен авторлық есептеулерді талдау негізінде жасалған эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелденді және расталды,
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары заманауи және сенімді ғылыми дереккөздерге сілтемелер арқылы жеткілікті деңгейде негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Докторанттың диссертациялық жұмысында зерттелетін тақырыптың теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілерін жан-жақты ашуға мүмкіндік берген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеліп, пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **1) ия;** 2) жоқ	Зерттеу нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланыстарды түсіндіретін тұжырымдамалық модель қалыптастырылды. Мемлекеттік қолдаудың модераторлық рөлі теориялық тұрғыдан негізделіп, азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын талдаудың ғылыми тәсілдері кеңейтілді. Жауап - иә.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару органдарына азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған тиімді саясаттар мен басқарушылық шешімдерді әзірлеуде практикалық негіз бола алады. Жауап - иә.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибеге арналған ұсыныстар ішінара жаңа болып табылады (25-75 %). Диссертацияда Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқарудың әдістемелік тәсілдері жүйеленіп, жетілдірілген, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың кешенді көрсеткіштер жүйесі ұсынылған. Сонымен қатар, төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты мен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы өзара байланысты ескеретін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген. Ұсыныстардың жекелеген элементтері қолданыстағы тәсілдерге сүйенгенімен, олардың мазмұны мен қолдану тетіктері айтарлықтай толықтырылып, нақтыланған, бұл олардың жаңалық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми презентацияның нақты стилінде жазылған, мазмұны қисынды және түсінікті. Диссертациялық жұмыс бір-бірін нәтижелермен толықтыратын заманауи зерттеу әдістерін қолдана отырып, дәлелді презентациямен қол жетімді ғылыми стильде ұсынылған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Тұтастай алғанда, диссертациялық жұмыс дербестігі мен толықтығының жоғары деңгейімен ерекшеленеді, ал автор алған нәтижелердің ғылыми жаңалығы және жеткілікті теориялық және практикалық маңызы бар. Ғылыми талқылау барысында зерттеудің жалпы оң бағасына әсер етпейтін жеке ұсыныстар: 1.Азық-түлік қауіпсіздігін бағалау әдістемесінде экономикалық және физикалық қолжетімділік көрсеткіштері, сондай-ақ әлеуметтік аспектілер жан-жақты қарастырылған. Дегенмен, әдістеменің жүйелілігін тереңірек ашу мақсатында қамтамасыз етілу көрсеткіштерін (ішкі өндіріс көлемі: ет, сүт, астық және т.б., өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі (%)) және мемлекеттік басқару тиімділігін қосымша қарастыру керек еді. 2.Зерттеу барысында азық-түлік қауіпсіздігі мен халықтың (төмен табысты үй шаруашылықтарының) әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты түсіндіретін тұжырымдамалық-эмпирикалық модель ұсынылған. Бұл өзара байланыс негізінен ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып сипатталған. Болашақта оны статистикалық немесе эконометрикалық әдістер арқылы эмпирикалық тұрғыдан тереңірек негіздеу жұмыстың ғылыми құндылығын одан әрі арттыра түсер еді. 3.24-кестенің атауы жалпы сипатта берілген («ұсыныстар»). Оны нақтылап, мазмұнын кеңірек ашу	

		ұсынылады. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстардың іске асыру тетіктерін нақтылау жұмыстың практикалық маңыздылығын күшейте түсуі мүмкін еді. Жалпы алғанда, аталған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми құндылығына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық зерттеу бойынша 7 мақала, оның ішінде: 1 – Scopus базасында индекстелетін журналда; 4 – ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған; 2 – мақала халықаралық конференцияларда жарық көрген. Докторанттың жарияланған мақалалары зерттеу тақырыбын жүйелі және кезең-кезеңімен ашып, азық-түлік қауіпсіздігінің әртүрлі қырларын – макроэкономикалық, институционалдық, сондай-ақ әлеуметтік аспектілерде кешенді қарастырады. Автор заманауи эконометрикалық (NARDL, PLS-SEM), сондай-ақ сапалық және сандық әдістерді ұштастыра отырып, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен. Жалпы алғанда, ұсынылған мақалалар бір-бірімен логикалық тұрғыда сабақтас, зерттеу тақырыбын терең әрі жан-жақты ашады және олардың нәтижелері жоғары ғылыми деңгейімен, теориялық маңыздылығымен және практикалық қолданбалы құндылығымен ерекшеленеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Ресми рецензент:
Алматы Технологиялық Университеті
«Экономика және менеджмент» кафедрасы
э.ғ.д., профессор **Джолдасбаева Гульнар Каримовна**

Қолы / Подпись Джолдасбаева Г.К.
Адам ресурстарын дамыту департаментінің директоры куәландырылған
Заверяю Директор Департамента развития человеческих ресурсов
«____» _____ 20 26 ж.